

«5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбы бойынша тренерлерді даярлау курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ережелер

«5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбы бойынша тренерлерді даярлау курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептердің тілдік пәндер мұғалімдеріне арналған және 5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту бойынша табысты тәжірибелерді таратуға бағытталған.

2. Глоссарий

1. Оқу сауаттылығы – PISA анықтамасына сәйкес, оқу сауаттылығы дегеніміз мәтіндерді түсіну, пайдалану, бағалау және ой жүгірту қабілеті, бұл адамның өз мақсаттарына жетуіне және қоғам өміріне қатысуына мүмкіндік береді [1].

2. Функционалдық сауаттылық – IEA жарияланымында көрсетілгендей, функционалдық сауаттылық – бұл қоғамда қажет тілдің жазбаша формаларын қолдану қабілеті [2].

3. Жақын оқу (Close reading): «мұқият оқу» әдісі мәтін идеяларын және құрылымын тереңірек түсіну үшін мәтінді талдаудың техникасы ретінде зерттеуде сипатталған [3].

4. Метапәндік дағдылар – әртүрлі пәндік салалардан алған білімдерді тапсырмаларды орындау үшін қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар. Метапәндік дағдыларға сыни ойлау және ақпаратты талдау жатады [2].

5. Ойын арқылы оқыту – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру және оқу процесіне қатысуын көбейту мақсатында ойын элементтерін қолдану [3].

6. Проблемалық оқыту (PBL) – бұл әдісте оқушылар сыни ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамытып, нақты өмірлік тапсырмаларды шешеді [4].

7. Soft skills (ікемді дағдылар) – қарым-қатынас, топпен жұмыс істеу және уақытты басқару секілді дағдылар әртүрлі салаларда табысты жұмыс істеу үшін қажет. Олар білім беру және кәсіби қасиеттерді дамыту контекстінде қарастырылады [5].

8. Арнайы білім беру қажеттіліктері – бұл термин физикалық, психологиялық немесе интеллектуалдық аурулары бар оқушылардың қажеттіліктерін білдіреді [6].

9. Пәнаралық тәсіл – тапсырмаларды орындау үшін әртүрлі салалардағы білімдерді қолдану білім беру тәжірибелерінің негізгі элементі болып табылады [1].

10. Интернет-ресурстар – оқытуда электронды платформаларды және білім беру ресурстарын қолдану [7].

3. Бағдарламаның тақырыбы

№	Модуль атаулары	Сабақ тақырыптары	Барлығы (сағат)
1	Модуль 1. Оқу сауаттылығы әдістемесі контекстінде оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	Диагностикалық тестілеу Оқу сауаттылығы және оның компоненттері Оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамытуға арналған эталондық тапсырмалар ұғымы Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды әзірлеу практикасы «5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбы бойынша мектеп мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық тренингтің мазмұны, ұйымдастырылуы және белсенді өткізу формалары Модуль бойынша қорытынды жұмыстардың презентациясы.	40
2	Модуль 2. Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	Білім беру квестінің құрылымы https://joyteka.com/ платформасында оқу сауаттылығы бойынша білім беру квесттерін құру Модуль бойынша қорытынды жұмыстардың презентациясы	18
3	Модуль 3. Вариативті мазмұн	Оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған PBL және ойын техникалары Инклюзивті және қауіпсіз білім беру мақсатында топтық динамиканы басқару	4
4	Модуль 4. Мониторинг және бағалау (PISA зерттеуінің құралдары)	Оқу сауаттылығы дағдыларының прогресін бақылау (бақылау және бағалау) практикасы PISA оқу сауаттылығы деңгейлерінің кесте технологиясын оқушылардың прогресін бағалауда қолдану Курс бойынша қорытынды тест Қорытынды жобалық жұмыстың презентациясы	18

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты – жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдерінің оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеу және «5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбында тілдік пәндер мұғалімдеріне арналған тренинг өткізуді үйрету дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

1. 5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамытуға бағытталған тапсырмаларды әзірлеу дағдыларын білім беру мақсаттарының жүйесіне сәйкес дамыту;
2. Оқу сауаттылығын, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сауаттылығын дамыту үшін тапсырмалар құру және сабақтарды ойын түрінде өткізу бойынша құзыреттіліктерін жетілдіру;
3. Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту үшін «жақын оқу» (close reading) әдісін тіл және әдебиет сабақтарында қолдану бойынша құзыреттіліктерді кеңейту;
4. Проблемалық оқыту (PBL) әдісін қолдану арқылы оқушылардың «soft skills» дағдыларын және өмірлік жағдайларды шешуге арналған ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту құзыреттіліктерін кеңейту;
5. Оқытудың мақсаттарына жету үшін интернет-ресурстарды қолдану дағдыларын жетілдіру;
6. 5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту құзыреттерін дамытуға бағытталған «5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арналған 30 сағаттық тренинг өткізу дағдыларын қалыптастыру.

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1. Жалпы білім беретін мектептердің тілдік пәндер (қазақ, орыс, ағылшын тілдері) мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық оқу сауаттылығы бойынша тренинг өткізуге қабілетті болады;
2. 5-9 сыныптарға арналған білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасының оқу мақсаттарына, функционалдық оқу сауаттылығы деңгейлеріне (оэср, 2018 ж.), сондай-ақ «сапалы білім «білімді ұлт» ұлттық жобасы (2022), pisa 2018 нәтижелері (v том) сияқты материалдарға сүйене отырып, оқыту және мониторинг процесін ұйымдастырады;

3. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар әзірлейді;
4. Мұғалімдердің тілдік пәндер сабақтарында қауіпсіз және инклюзивті білім беру ортасын құру бойынша құзыреттіліктерін дамытады;
5. Мұғалімдердің оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға арналған құзыреттерін кеңейтуге арналған тапсырмалар әзірлейді;
6. Мектеп оқушыларының мағыналы оқылым дағдыларын дамыту үшін мұғалімдердің «жақын оқу» (close reading) әдісін қолдану дағдыларын жетілдіреді;
7. Оқушылардың «soft skills» дағдыларын және өмірлік жағдайларды шешуге арналған ақпаратпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту үшін мұғалімдердің проблемалық оқыту (pbl) әдісін қолдану бойынша құзыреттерін дамытады;
8. Онлайн-квест форматында сабақтар өткізу үшін it технологиялар мен интернет-ресурстарды қолданады;
9. Оқыту процесінде мұғалімдер дамытып жатқан дағдылардың прогресс деңгейін анықтайды.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1. Оқу сауаттылығы әдістемесі контекстінде оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.
2. Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту.
3. Вариативті мазмұн.
4. Мониторинг және бағалау (PISA зерттеу құралдары).

Модуль 1.

Бұл модульде тыңдаушыларға оқу сауаттылығы теориясы бойынша, оқушыларға арналған тапсырмаларды әзірлеу тәжірибесі бойынша, оқу қызметін бақылау құралдарын меңгеру бойынша және кәсіби тренингтерді ұйымдастыру мен өткізу саласындағы білімдері бойынша тест ұсынылады. Ең көп сағат саны «Білім сапасын арттыру контекстінде оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру» тақырыбына бөлінген. Модуль 5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеу және оқыту принциптері бойынша теориялық және практикалық материалды, сондай-ақ «5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық тренингтің мазмұны мен әдістерін қамтиды.

Модуль 2.

Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту модулі оқу сауаттылығын дамытуға арналған виртуалды білім беру квестін интернет платформалар арқылы, атап айтқанда, <https://joyteka.com/> платформасы арқылы құру тәжірибесін қамтиды.

Модуль 3.

Курстың вариативті мазмұны тыңдаушылардың таңдауы бойынша екі тақырыпты қарастыруды ұсынады: 1) «Оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған PBL және ойын техникалары»; 2) «Инклюзивті және қауіпсіз білім беру мақсатында топтық динамиканы басқару». Оқу жоспары бойынша әр тақырыпқа 2 сағат бөлінген, тыңдаушылар екі тақырыпты да таңдаған жағдайда әрқайсысын оқуға мүмкіндік алады.

Модуль аясында тыңдаушылар стресс факторлары мен буллинг көздерін, сондай-ақ эмоционалды өз-өзін реттеу және зорлық-зомбылық пен қорқытусыз қауіпсіз, инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру техникаларын үйрену мүмкіндігіне ие болады.

Модуль 4.

Мониторинг және бағалау (PISA зерттеу құралдары).

Модуль оқу сауаттылығы дағдыларының прогресін бақылау (бақылау және бағалау) бойынша практикалық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ оқушылардың прогресін бағалау кезінде PISA оқу сауаттылығы деңгейлерінің кесте технологиясын қолдануға бағытталған.

Бұл модульде тыңдаушыларға курстың мақсаттары мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес тыңдаушылардың меңгерген құзыреттерін өлшейтін тест және қорытынды жобалық жұмыстың презентациясы ұсынылады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстар күндізгі және аралас (күндізгі-дистанциялық) форматта ұйымдастырылады. Екі формат та бірдей сағат санын (80 сағат) және сабақтардың тақырыптық мазмұнын қамтиды. Айырмашылық тек сабақтардың түрі мен қорытынды бақылау әдісінде.

Күндізгі оқыту бағдарламасының оқу-әдістемелік жоспары (ары қарай – ОӘЖ) дәрістерден, тренермен өткізілетін практикалық сабақтардан, тыңдаушылардың модуль материалдарын меңгергеннен кейінгі қорытынды жұмыстарын презентациялауынан, курстың материалдарын кәсіби тәжірибеде қолдануға байланысты жобалық жұмыстарды таныстыруынан, сондай-ақ тестілеуден тұрады.

Күндізгі-дистанциялық оқыту процесі қашықтықтан оқыту платформалары (LMS) немесе ZOOM сияқты конференциялар арқылы өткізілетін онлайн-вебинарлар, тренермен практикалық жұмыстар, өз бетімен орындалатын тапсырмалар (оларды тексеруді тренер қашықтықтан жүзеге асырады), таңдаулы тақырыпқа арналған онлайн-вебинар, қашықтықтан орындалатын қорытынды жобалық жұмыс және қашықтықтан тексерілетін тестілерді қамтиды.

Оқу форматына қарамастан курс бастапқы тестілеуден басталып, қорытынды тестілеумен аяқталады. Бұл оқыту сапасын бақылауға және тыңдаушылардың құзыреттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі
Күндізгі оқыту режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№ п/п	Сабақтар тақыбыптары	Дә рі с	П ра кт ик ал ы қ ж ұ м ы с	Мо дул ь бой ын ша қор ыт ын ды жұ мы ста рд ы пре зен тац ия лау	Т а ң да у б о й ы н ш а д ә р і с	Қор ыты нды жоб а жұм ысы н през ента ция лау	Те ст іл еу	Ба рл ы ғ ы
1.	Оқу сауаттылығы әдістемесі контекстінде оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.	6	18	14			2	40
1.1	Диагностикалық тестілеу.						2	2
1.2	Оқу сауаттылығы және оның компоненттері.	2	4					6
1.3	Оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамытуға арналған эталондық тапсырмалар ұғымы.	2	4					6
1.4	Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды әзірлеу практикасы.		6					6
1.5	«5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбы бойынша мектеп мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық тренингтің мазмұны,	2	4					6

	ұйымдастырылуы және белсенді формалары.							
1.6	Модуль бойынша қорытынды жұмыстардың презентациясы.			14				14
2.	Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	2	8	8				18
2.1	Білім беру квестінің құрылымы.	2	4					6
2.2	https://joyteka.com/ платформасында оқу сауаттылығы бойынша білім беру квесттерін құру.		4					4
2.3	Модуль бойынша қорытынды жұмыстардың презентациясы.			8				8
3.	Вариативті мазмұн				4			4
3.1	Оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған PBL және ойын техникалары.				4			4
3.2	Инклюзивті және қауіпсіз білім беру мақсатында топтық динамиканы басқару.							
4.	Мониторинг және бағалау (PISA зерттеу құралдары)		8			8	2	18
4.1	Оқу сауаттылығы дағдыларының прогресін бақылау (бақылау және бағалау) практикасы.		4					4
4.2	Оқушылардың прогресін бағалау кезінде PISA оқу сауаттылығы деңгейлерінің кесте технологиясын қолдану.		4					4
4.3	Курс бойынша қорытынды тест						2	2
4.4	Қорытынды жобалық жұмыстың презентациясы.					8		8
	Барлығы	8	34	24	4	8	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына сәйкес педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ посткурстық қолдау көрсету ережелері).

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бағдарламасы
Күндізгі-қашықтықтан форматындағы курстың оқу-әдістемелік жоспары
(80 сағат)

№ п/п	Сабақ тақырыбы	О н л а й н - в е б и н а р	Т р е н е р м е н п р а к т и к а л ы қ ж ұ м ы с	Т ы ң д а у ш ы л а р д ы ң ө з д і к ж ұ м ы с	Т а ң д а у б о й ы н ш а о н л а й н - в е б и н а р	Қо ры ты нд ы жо ба л ы қ жұ м ыс ты ң пр езе нт ац ия сы (қ а ш ы қт ы қт ан)	Т е с т і л е у	Б а р л ы ғ ы
1.	Оқу сауаттылығы әдістемесі контекстінде оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру.	6	14	10		8	2	40
1.1	Диагностикалық тестілеу.						2	2
1.2	Оқу сауаттылығы және оның компоненттері.	2	2	2				6

1.3	Оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамытуға арналған эталондық тапсырмалар ұғымы.	2	2	2				6
1.4	Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды әзірлеу практикасы.		2	4				6
1.5	«5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы: оқыту және тапсырмаларды әзірлеу принциптері» тақырыбы бойынша мектеп мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық тренингтің мазмұны, ұйымдастырылуы және белсенді формалары.	2	2	2				6
1.6	Модуль бойынша қорытынды жұмыстардың презентациясы.		6			8		14
2.	Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	2	8	6		6		22
2.1	Білім беру квестінің құрылымы.	2	2	6				10
2.2	https://joyteka.com/ платформасында оқу сауаттылығы бойынша білім беру квесттерін құру.		6			6		12
3.	Вариативті мазмұн				4			4
3.1	Оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған PBL және ойын техникалары.				4			4
3.2	Инклюзивті және қауіпсіз білім беру мақсатында топтық динамиканы басқару.							
4.	Мониторинг және бағалау (PISA зерттеу құралдары)		8			4	2	14
4.1	Оқу сауаттылығы дағдыларының прогресін бақылау (бақылау және бағалау) практикасы.		4					4
4.2	Оқушылардың прогресін бағалау кезінде PISA оқу сауаттылығы деңгейлерінің кесте технологиясын қолдану.		4			4		4
4.3	Курс бойынша қорытынды тест						2	2

	Барлығы	8	30	16	4	18	4	80
--	----------------	----------	-----------	-----------	----------	-----------	----------	-----------

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына сәйкес педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ посткурстық қолдау көрсету ережелері).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тестілеу Teachers Lab онлайн платформасы арқылы жүргізіледі.

1) **Тестілеу.** Тестілеу курстың бірінші және соңғы күнінде өткізіледі:

№	Модуль атауы	Сағат саны (теориялық және практикалық сабақтар)	Сұрақтар саны/ұпайлар
1	Оқу сауаттылығы әдістемесі контекстінде оқыту, дамыту және тәрбиелеу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	24	12
2	Педагогтардың IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту	10	5
3	Вариативті мазмұн	4	2
4	Мониторинг және бағалау (PISA зерттеуінің құралдары)	8	4
	Барлығы:	46	23

2) Қорытынды жобалық жұмыстың презентациясы. Жобалық жұмыстың мақсаты – оқып-үйренген материалдар мен алынған дағдыларды қолдана білу арқылы мектеп мұғалімдеріне арналған тренинг форматында функционалдық оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған сабақтарды өткізу қабілетін қалыптастыру.

Жобалық жұмысқа қойылатын талаптар:

1. «5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы» тақырыбы бойынша мектеп мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық тренингтің аннотациясы және құрылымы.
2. Тренингтің мазмұны және күтілетін оқу нәтижелері.
3. Қолданылатын бақылау формалары мен бағалау формулалары.
4. Тренинг авторы туралы мәліметтер.
5. Әдебиеттер сипаттамасы және қосымша материалдарға сілтемелер.

Жобалық жұмысты бағалау критерийлері:

Жобалық жұмыстар келесі шкала бойынша бағаланады:

0 – жобалық жұмыс талаптары орындалмаған;

1 – талаптар ішінара орындалған, тренинг құрылымы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етпейді;

2 – талаптар ішінара орындалған, тренинг құрылымы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді;

3 – талаптар толық орындалған, тренинг құрылымы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді (*әр критерий бойынша ең жоғарғы балл – 3*). *Презентацияның ұзақтығы: 5-7 минут.*

№ п\п	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	«5-9 сынып оқушыларының оқу сауаттылығы» тақырыбы бойынша мектеп мұғалімдеріне арналған 24 сағаттық тренингтің аннотациясы және құрылымы.					
2	Тренингтің мазмұны және жоспарланған оқу нәтижелері.					
3	Қолданылатын бақылау формалары мен бағалау формулалары.					
4	Тренинг авторы туралы мәліметтер.					
5	Әдебиеттер сипаттамасы және қосымша материалдарға сілтемелер.					
Қорытынды баллдар (max – 15 балл)						

Қорытынды баға тестілеу нәтижелері мен микропреподавание негізінде құралады (ең жоғары балл – 50).

Ұпайларды бағаға ауыстыру шкаласы

Баға	Орындалу %	Балл
5	85%-100%	45-50
4	75-84%	35-44
3	50-74%	20-34
2	49% аз	15 баллдан аз

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Тыңдаушыларға Teachers Lab онлайн платформасында жалпы ашық онлайн курстарды ұсыну және жұмыс бойынша техникалық және әдістемелік қолдау көрсету;

2. Пән бойынша қашықтықтан оқыту жүйесінде бағдарламалар дайындауда кәсіби желілік қауымдастықтар (әлеуметтік желілер) арқылы қолдау көрсету;
3. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға қолдау көрсету: онлайн курстарды жүзеге асыруда медиа-кеңістікті (республикалық, халықаралық) дамыту, кеңейту және белсендіру, үздік оқу бағдарламаларын жариялау (қашықтықтан оқыту жүйесі).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Аналитический отчет «Результаты Казахстана в международных исследованиях качества образования: исследование причин отставания». – Центр анализа и стратегии «Белес», под ред. Ирсалиева С.А., 2020. – 308 с.
2. PIRLS 2021. International results in reading. Boston college. IEA TIMSS&PIRLS. Интернет-ресурс: <https://pirls2021.org/>
3. How I Eliminated (Almost) All Grading Problems In My Classroom. Интернет-ресурс: <https://www.teachthought.com/>
4. Саидов З.А. Саидов, Ярычев Н.У., Соколова Н.И. Навыки XXI века в контексте современных образовательных реалий// МНКО. 2021. №2 (87). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/navyki-xxi-veka-v-kontekste-sovremennyh-obrazovatelnyh-realiy>.
5. Cognitivism Learning Theory, Strategies and Examples by Dr. Serhat Kurt// Frameworks&Theories. Интернет-ресурс: <https://educationaltechnology.net>
6. How does PISA define and measure reading literacy?// PISA in Focus. OECDiLibrary. Интернет-ресурс: https://www.oecd-ilibrary.org/education/how-does-pisa-define-and-measure-reading-literacy_efc4d0fe-en
7. Казаренков В.И, Карнелович М.М., Казаренкова Т.Б. Использование электронных образовательных ресурсов в профессиональном образовании: преимущества и риски// Вестник Московского университета. Серия 20. Педагогическое образование. 2020. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-elektronnyh-obrazovatelnyh-resursov-v-professionalnom-obrazovanii-preimuschestva-i-riski>.
8. Белоусова Ю. Д., Солощенко М. Ю. Организация исследовательской и проектной деятельности обучающихся основной школы //Modern Science. – 2020. – №. 4-2. – С. 133-136.
9. Зорина Н.В. Метод внимательного (медленного) чтения: теория и опыт практического применения. – ж. Язык и культура, 2021. № 55. С. 220-233.
10. Исследование «PISA для школ». Руководство читателя к школьному отчету: ОЭСР, 2020. – С.14.

11. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года)/ М.Атанаева, М. Аманғазы, Г.Ногайбаева, А.Ахметжанова, М.Шакенова, Г.Карбаева, Ж.Джумабаева, Н. Касымбекова, М.Даулиев, Д. Абдрашева, А. Кусиденова. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2019.– 364 стр.

12. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019.- 118 с.

Қосымша әдебиеттер:

13. Алексашина И., Абдулаева О., Киселев Ю. Вектор развития содержания общего образования: от академической к функциональной грамотности // ЧиО. 2019. №2 (59). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/vektor-razvitiya-soderzhaniya-obschego-obrazovaniya-a-ot-akademicheskoy-k-funktsionalnoy-gramotnosti> (дата обращения: 29.12.2021).

14. PISA 2021 creative thinking framework (third draft). April, 2019.

15. Открытые задания PISA. Интернет-ресурс: <https://fioco.ru-pisa>.

16. OECD Future of Education and Skills 2030 Concept Note, OECD 2019.

– Интернет-ресурс:
https://www.oecd.org/education/2030-project/teaching-and-learning/learning/skills/Skills_for_2030_concept_note.pdf

17. OECD Future of Education and Skills 2030. Conceptual learning framework. SKILLS FOR 2030 // Интернет-ресурс: www.oecd.org/education/2030-project/learning